

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 13. Қазіргі әлемдегі миссионерлік әдістер мен стратегиялар

Дәрістің мақсаты – студенттердің миссионерлік әдістер мен стратегиялар туралы кешенді білімдерін қалыптастыру. Миссионерлік әдістер мен стратегиялардың қолданыс шеңберіне қарай айырмашылығын айқындау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Дін және интернет;
2. Діни бірлестік ресми сайттарының ортақ тұстары мен ерекшеліктері.
3. Миссионерлік әдістер мен стратегиялардың түрлерін анықтау.

Қазіргі заман технология дамып, ақпарат жан-жақтан ағылып жатқан ғаламтор заманы екені бәрімізге белгілі. Жат ағымды қолдайтындардың үгіт-насихатын осы әлеуметтік желіде үнемі бақылауда ұстау мүмкін емес. Сананы улайтын, теріс пиғылды адамдардың арбауына жастар түсіп, зардабын көруде. Жастар түрлі сайттарға кіріп, әр түрлі парақшаларға тіркеліп, сол оқыған нәрсесін дұрыс деп санап, қоғамнан да сол нәрсені талап етеді.

Ғылыми немесе діни кез келген білім жүйесі адамға координаттар жүйесін беруге, білінбегенде бағдарлануға көмектесуге арналған. Ғаламтор қазір жылдам дамып келе жатқаны соншалық, оны зерттеуде ғылыми тәсілдер жұмыс істемейді. Іздестірушілердің ережелері, интерфейстер, келушілердің мүдделері, әзірлеу құралдары және т.б. - бәрі үнемі өзгеріп отырады. Соңғы 15-20 жылда интернет-технологиялардың қарқынды дамуы «дәстүрлі» және жаңа үлгідегі түрлі діни бірлестіктердің қызметіне тікелей қатысты болды. Олардың барлығы қандай да бір жолмен виртуалды шындыққа өз көзқарасын қалыптастырып, осы шақыртуға жауап беруі тиіс еді. Ғалымдардың дәлелдеуінше статистикалық нәтижеде әлеуметтік желі тұлғаның бос уақытын қалдырмайды және ойлануына кедергі келтіреді. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты қолданыс аясынан ығыстырады..

Миссионерлік әдістер мен стратегияларының түрлерін анықтау тікелей діндерді салыстыра отырып анықтай аламыз. Христиан діні мен ислам арасындағы дінді тарату стратегияларындағы айырмашылықтарды байқауға болады. Мысалы, христиандықтағы дінді тарату стратегиясы Інжілді жергілікті халық тіліне аудару, құлшылықты да жергілікті халық тілінде жүргізуге негізделсе, ислам ғұламалары Құранды аударуды құптағанмен (түпнұсқаның алатын орны ерекше), құлшылықты араб тілінде жүргізуді қолдайды. Десе де, ислам бір текті емес, оның қойнауынан түрлі ағымдар пайда болған. Және қазіргі кезеңде әр түрлі миссионерлік ұйымдар көбейді. Сондықтан оның әдіс-тәсілдері өзгеріп, христиандықтағы миссионерлік қызметке ұқсас уағыз-насихат жұмысының элементтерін кездестіруге болады. Сонымен бірге, біз христиандықтағы миссионерлік қызмет пайда болған уақытынан бастап миссияға жіберуші ұйым және миссияны орындаушы сияқты белгілері бар институтталған жүйелі құрылым болғанын білеміз.

Ал, ислам дініндегі «миссионерлік қызмет» болса, кейбір зерттеушілердің пікірінше ХІХ ғасырдағы христиандық миссиялар қызметінің белсенді болуының ықпалымен жүйеленді. Дағуаттың жүйеленуі, ХХ ғасырда ислами миссионерлік қоғамдардың пайда болуы және олардың арнайы семинарлар мен уағыз жүргізу, діни әдебиет тарату, интернет желілері арқылы уағыз-насихат жүргізу сияқты әдіс-тәсілдері арқылы көрініс тауып жатыр.

Ұлыбританиядағы ислам дінін қабылдаған 70 британдықтың діни сенімді қабылдау себептерін зерттеп, «Исламды қабылдау» (Conversion to Islam) атты кітап жазған түрік ғалымы Ә. Косе исламдық миссионерлік ұйымдардың бар екендігін алға тартады. Оның айтуынша Ұлыбританияның мұсылман қауымдары бар қалаларында бірқатар исламдық ұйымдар кездеседі.

Осы орайда шіркеулердің даму заңдылығын зерттеген американдық миссиолог Д. Мак Гавран миссионерлік қызметтің басты мақсаты шіркеулер санын ұлғайту болуы тиіс деген пікірді ұстанды. Оның айтуынша, Құдайдың өзі шіркеу санының өсуін қалап отыр. Шіркеулердің христиандықтың қай ағымы екендігіне қарамастан, әлемнің түрлі елдерінде өсуі барлық халықтарды жаппай інжілдендірудің бастамасы бола алады. Сондай-ақ, миссионер діни сенімді таратқанда алдына нақты мақсаттар мен жоспарлар қойып, соған жете білуі және болашақ христианның «Құдай берген көпірлерін» (әйелі, балалары, туыстары, достары, әріптестері) пайдалануы керек. Қазіргі таңда, аталған стратегиялар заманауи технологияны қосу арқылы кеңінен таралып отыр. Мәселен, Інжілді немесе басқа да діни кітаптарды өзге тілдерге аудару ісінде заманауи үздік лингвистикалық әдістерді пайдалану, белгілі бір топ адамдарына дінді тарату (үй шаруасындағы әйел, жастар, зейнеткерлер және т.б.), аудио, радио және интернет желілерін пайдалану сияқты көптеген әдіс- тәсілдер.

Қазіргі заманғы миссионер оның аузындағы Інжілді уағыздау қандай тілдерді меңгеруі тиіс? Әрине, жауап миссионер қызметінің нақты өрісіне байланысты. Айталық, студенттер қалашығы мен шалғайдағы қандай да бір ауылдың аудиториясы мүлдем әртүрлі екені анық. Егер бірінші жағдайда Интернеттің шындығына бейімделе білу, тіпті жастардың интернет-форумдарына қатысуы өте пайдалы болса, онда екінші жағдайда - бұл сенімсіздік тудырады және уағыздың табысқа жетуіне ықпал етпейді. Тағы бір қорытынды миссионерге айналасындағылардың мүддесіне негізделгені анық.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Интернет желісінде өте жиі қолданылатын миссионерлік әдістердің тізімін құраңыз.
2. Діни бірлестіктердің ресми сайттарындағы миссионерліктің байқалатын тұстарына талдау жасаңыз.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет кеңістіктегі дін және жастар: ұжымдық монография / Утебаева Д.С., [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б. ISBN 978-601-04-4252-7
2. Лункин Р. Н. Протестантизм и глобализация на просторах Евразии // Религия и глобализация на просторах Евразии/ под ред. А. В. Малашенко и С. Б. Филатова. М.: Московский Центр Карнеги, 2005, С. 90-125
3. Вильковски Д. Арабо-мусульманские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение. – Астана; Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014. – 192 с.
4. Бош Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. – СПб.: Библия для всех, 2013. – 640 б.
5. Arnold T.W. The Preaching of Islam A History of the Propagation of the Muslim Faith. Second Edition Revised and Enlarged. London: Constable & Company Ltd, 2013. – 494 p.

